

Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.27 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы

5

м а м ы р д а ғ ы

N 3 7 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Ережеде бүкіл мәтін бойынша "департаменттерінен (басқармаларынан)", "департаменттерімен (басқармаларымен)", "департаментіне (басқармасына)" және "департаменті (басқармасы)" деген сөздер тиісінше "басқармаларынан", "басқармаларымен", "басқармасына" және "басқармасы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2008.03.20 N 276 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібін реттейді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери есепке алу Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы, "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі заңдарына және осы Ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

3. Әскери есепке алу тұрақты жүзеге асырылады және мыналарды:

- 1) әскери-есептік мамандығы жоқ әйелдерді;
- 2) әскери міндетті атқарудан босатылғандарды;
- 3) бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқандарды;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты тұратындарды қоспағанда, әскери есепке алынуға тиіс азаматтардың барлық санаттарын қамтиды.

4. Әскери есепке алудың мақсаты ел қорғанысын және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әскерге шақырылатын және жұмылдырылатын адами ресурстарды тиімді пайдалану мүддесінде олардың сандық және сапалық құрамын айқындау болып табылады.

5. Әскери есепке алудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, мемлекеттік органдарды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына жоспарлы түрде көшіру және оларды кейіннен жеке құраммен жете жасақтау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету үшін запаста тұрған азаматтар қатарынан қажетті әскери мамандарды даярлау жөнінде жоспарлы жұмыс жүргізу ;

2) азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдасқан түрде өткізуді қамтамасыз ету үшін Республикада бар әскерге шақыру ресурстарын Қарулы Күштердің әскер түрлері, тектері бойынша ұтымды бөлу мүддесінде олардың сандық және сапалық құрамын уақтылы анықтау және айқындау ;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының "Әскери міндеттілік және әскери

қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және осы Ережені орындауын бақылауды жүзеге асыру.

6. Азаматтардың әскери есепте тұру ұзақтығы "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады .

7. Әскери есепке алу жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы әскери есепте мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға жұмылдыру кезеңіне және соғыс уақытына бекітіліп қойылмаған азаматтар тұрады.

Арнайы әскери есепте органдарға немесе ұйымдарға жұмылдыру кезеңіне және соғыс уақытына белгіленген тәртіппен бекітіліп қойылатын азаматтар т ұ р а д ы .

Шетелде уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери есепке алу олар Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген кезде осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Азаматтарды әскери есепке алуды тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органдары (бұдан әрі - ЖӘБО) жүзеге асырады.

Әскери міндеттілерге тікелей тұрғылықты жері бойынша есепке алуды және есептен шығаруды ресімдеу кезінде неғұрлым қолайлы жағдай жасау және барлық әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды дербес (сапалы) есепке алудың нақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ЖӘБО жоқ елді мекендерде азаматтарды әскери есепке алуды кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтің әкімдері (бұдан әрі - әкімдер) жүзеге а с ы р а д ы .

Өздерінің ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік органдар мен ұйымдар (бұдан әрі - ұйымдар) осы Ережеге сәйкес жұмыс істейтін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар болған кезде азаматтарды әскери есепке алуды жүргізеді.

Азаматтарды әскери есепке алуды ұйымдастыру, жүргізу жөніндегі жұмысқа жалпы басшылық жасауды және оны бақылауды ЖӘБО (қаланың, ауданның) ж ү з е г е а с ы р а д ы .

ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) талап етуі бойынша ұйымдар жұмыс істейтін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың сандық құрамын растайтын құжаттаманы ұсынады.

9. Еркек жынысты азаматтарды ЖӘБО-ға (ауданның, қаланың) бастапқы әскери есепке қоюды жыл сайын қаңтар-наурыз аралығында, ал Қазақстан Республикасының азаматтығын алған азаматтарды бүкіл күнтізбелік жыл ішінде азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жөніндегі комиссия жүзеге

а с ы р а д ы .

Әйел жынысты азаматтарды бастапқы әскери есепке қою олар әскери-есептік мамандық алғаннан және 18 жасқа толғаннан кейін жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтарын әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізу тәртібі

10. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жыл сайын қаңтар-наурыз аралығында тіркеуге тұратын жылы 17 жасқа толатын Қазақстан Республикасының азаматтары әскерге шақыру учаскелеріне тіркеледі.

Тіркеу азаматтарды әскери есепке қою, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін айқындау, жалпы білім деңгейін, алған мамандығы мен дене даярлығы деңгейін белгілеу мақсатында жүргізіледі.

Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу туралы деректер негізінде ЖӘБО (қаланың, ауданның) әскерге шақыру ресурстарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскерлерінің түрлері мен тектері бойынша алдын ала бөлуді, "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны филиалдарының оқу орындарында әскери-техникалық мамандықтар бойынша оқыту үшін кандидаттарды алдын ала іріктеуді жүргізеді және әскери оқу орындарына түсуге тілек білдіретін адамдарды анықтайды.

Қазақстан Республикасының азаматтарын әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді олардың тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО (қаланың, ауданның) жүргізеді.

11. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді өткізер алдында ЖӘБО (қаланың, ауданның) жыл сайын мынадай дайындық жұмыстарын жүргізеді:

1) жыл сайын 1 қарашаға дейін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары және/немесе салық органдары арқылы қаланың, ауданның ұйымдар тізбесін нақтылайды;

2) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін ұйымдардан осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс азаматтардың тізімін (бұдан әрі - азаматтар тізімі) сұратады;

3) есепке алу жөніндегі құжаттарды, әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс азаматтардың ұсынылған тізімдерінің жасалуын тексереді;

4) тұрғын үйлерді пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардан алынған, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жасалған тіркелуге тиіс азаматтардың

тізімдерін ұйымдардан алынған, тіркелуге тиіс азаматтардың ұқсас тізімдерімен салыстырады;

5) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес жыл сайын 25 желтоқсанға дейін салыстырылған тізімдер негізінде әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге тиіс азаматтардың жиынтық тізімін жасайды;

6) тіркелуге тиіс азаматтарға мыналарды:

емдеу-алдын алу ұйымдарынан - амбулаторлық науқастың медициналық карталарын, егулер туралы деректерді, жүйке-психикалық, наркологиялық, тері-венерологиялық, инфекциялық аурулар, туберкулез, АҚТҚ-инфекциясы (ЖҚТБ), трахома, ішкі мүшелердің созылмалы аурулары, хирургиялық бейіндегі аурулар бойынша есепте тұрған адамдардың тізімін, сырқат тарихынан көшірмені, азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын дәрігерлік тексеру мен диспансерлік қадағалау мәліметтерін;

халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарынан - мүгедек деп танылған адамдар туралы мәліметтерді;

девианттық мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған қосалқы мектептер мен арнайы білім беру ұйымдарынан - медициналық-педагогикалық мінездемелер;

ішкі істер, прокуратура және сот органдарынан - қылмыстық жауапкершілікке тартылған, тергеуде болған, сотталған, ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың тізімін;

денсаулық сақтау басқармаларынан - стационарлық (амбулаторлық) тексеру мен емделуге мұқтаж әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтарды тексеруге, емдеуге бекітілген емдеу-алдын алу мекемелерінің тізімін сұратады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 600 Қаулысымен.

12. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізу бойынша мынадай жұмыс жүргізіледі:

1) ЖӘБО (облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың):

жұмыс жоспарын және ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізудің тәртібі мен мерзімі туралы ұйымдық-әдістемелік нұсқаулық әзірлейді;

ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) бастықтарымен азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және жүргізу жөнінде бір күндік нұсқаулық-әдістемелік сабақтар өткізеді;

облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) денсаулық сақтау басқармаларымен бірлесіп, азаматтарды медициналық куәландыру үшін

емдеу ұйымдарының маман дәрігерлерін тарту тәртібін айқындайды;

2) ЖӘБО (қаланың, ауданның):

осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес ЖӘБО (қаланың, ауданның) бастығының азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу туралы бұйрығын (бұдан әрі - ЖӘБО бастығының бұйрығы) шығарады;

азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді дайындау және жүргізу жоспарын әзірлейді, онда мыналар көзделеді:

әскерге шақыру учаскесіне тіркеу үшін азаматтарды хабардар ету тәртібі мен ш а қ ы р у м е р з і м і ;

тізімдерді жасау мерзімі және азаматтардың әскерге шақыру учаскелеріне күндер бойынша келуінің есептері (күніне 50 адамнан артық емес);

тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарының іс-шараларын өткізу; әскерге шақыру пункттерінің үй-жайларын қажетті жабдықпен қамтамасыз е т у ;

тіркелетіндерді медициналық куәландыру үшін маман дәрігерлерді іріктеу; азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдасқан және сапалы түрде жүргізуді қамтамасыз ету үшін техникалық қызметкерлердің, қызмет көрсетуші персонал мен көліктің қажетті санын бөлуге арналған есеп; тіркеуді жүргізуге тартылатын адамдарға нұсқау өткізу мерзімі.

13. ЖӘБО-ның уәкілетті адамдары Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі 89-бабының 2-тармағына сәйкес Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен табиғи апаттардың алдын алу және оларды жоюды ұйымдастыру басқармасына Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізуге байланысты қажетті шығыстарға өтінімдер ұсынады.

Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен табиғи апаттардың алдын алу және оларды жоюды ұйымдастыру басқармасы Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды уақтылы жүргізу үшін қажетті шығыстарға өтінімдерді уақтылы және белгіленген мерзімде қабылдайды.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне әскери есепке алуды жүргізу жөніндегі қаржы шығыстарын 003 "Жалпыға бірдей әскери міндеттілікті орындау шеңберіндегі іс-шаралар" бағдарламасы бойынша Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен табиғи апаттардың алдын алу және оларды жоюды ұйымдастыру басқармасы жүзеге асырады.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді уақтылы және сапалы жүргізу жөніндегі жоспарланған іс-шаралар, ұсыныстар туралы ЖӘБО жыл сайын 15 қарашаға дейін тиісті әкімдерді хабардар етеді.

Азаматтарға тіркелуге келу туралы хабарлау ЖӘБО (қаланың, ауданның)

бастықтарының бұйрықтарымен және осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес шақыру қағаздарымен (бұдан әрі - шақыру қағазы) жүргізіледі, оларды азаматтарға тапсыруды жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың бастықтары тіркеуге келу белгіленген мерзімге дейін 5 күн қалғанда жүргізеді. ЖӘБО (қаланың, ауданның) бастықтарының тіркеуді жүргізу туралы бұйрықтары жыл сайын 25 желтоқсаннан кешіктірілмей шығарылуға тиіс. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізу үшін азаматтардың әскерге шақыру учаскелеріне келуінің нақты мерзімдерін шақыру қағаздарында ЖӘБО (қаланың, ауданның) б е л г і л е й д і .

Ауыр науқастармен ауыратын, өз бетімен қозғалу мүмкіндігінен айырылған азаматтар тіркеуге келуден босатылады, бұл тиісті емдеу-алдын алу мекемелерінің немесе дәрігерлік-еңбек сараптама комиссияларының анықтамаларымен расталады.

Қажет болған жағдайда шақыру қағаздары азаматтарға тікелей олардың мекен-жайлары бойынша табыс етіледі.

14. Мыналар ЖӘБО (қаланың, ауданның) белгілеген мерзімде азаматтардың әскерге шақыру учаскелеріне келмеуінің дәлелді себептері болып танылады: еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға байланысты ауру (жарақат); жақын туысының қайтыс болуы немесе ауыр науқастануы; азаматты өзі келу мүмкіндігінен айырған табиғи сипаттағы кедергілер немесе б а с қ а да жағдайлар.

Келмеу себептері тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

15. Тіркеуден өту үшін ЖӘБО (қаланың, ауданның) шақыртатын барлық азаматтар әскерге шақыру учаскелеріне шақыру қағаздарында көрсетілген мерзімде және құжаттарымен келеді.

16. Әскерге шақыру пункті бойынша кезекші тіркеуден өту үшін келген азаматтарды тіркеуден өту тәртібімен таныстырады, оларға Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

17. ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) уәкілетті адамдары азаматтармен әңгімелесулер өткізеді, олар ұсынған құжаттардың болуын және толықтығын тексереді. Шақыру учаскелерінде жұмыс істеу үшін тартылған техникалық қызметкерлерге осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес әскерге шақырылушының тіркелетін есеп картасын (бұдан әрі - шақырылушының есеп картасы), осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес шақырылушының жеке ісін (бұдан әрі - жеке іс) толтыру туралы нұсқау береді. Тізім бойынша тіркелуге келген азаматтарды күнделікті есепке алуды жүргізеді.

Әрбір әскерге шақырылушының жеке ісіне мыналар тігіледі: әскерге шақырылушының есеп карточкасы;

әскерге шақырылушының тууы туралы куәлігінің көшірмесі;
неке туралы куәліктің көшірмесі;
балаларының тууы туралы куәліктерінің көшірмесі;
білімі туралы құжаттың көшірмесі;
жұмыс немесе оқу орнынан анықтама;
жұмыс немесе оқу орнынан мінездеме;
отбасы құрамы туралы анықтама;
әскерге шақырылушыны зерделеу парағы;
кеуде қуысы мүшелерін рентгенологиялық зерттеу анықтамалары;
денсаулық жағдайы туралы құжаттар;
сот органдарынан қылмыстық жауапкершілікке тартылуы туралы
х а б а р л а м а л а р ;

ішкі істер органдары мен анықтау және алдын ала тергеу органдарынан
а н ы қ т а м а л а р ;

азаматтық хал актілерін жазу ұйымдарынан (бұдан әрі - АХАЖ органдары)
тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны, туған күні мен жері туралы өзгерістер
туралы, қаза табуы туралы хабарламалар.

18. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс барлық азаматтарға Қарулы
Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери-дәрігерлік
сараптама жүргізу ережесіне сәйкес медициналық куәландыру жүргізіледі.

19. Ауыр науқасқа шалдығып, тіркеуге өздері келуге мүмкіндіктері болмаған
адамдарды қоса алғанда, жиынтық тізімдерге сәйкес әскерге шақыру
учаскелеріне тіркелуге тиіс барлық азаматтар осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес
тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына (бұдан әрі - хаттамалар
к і т а б ы) е н г і з і л е д і .

Қосымша медициналық тексеруге жіберілген азаматтар бойынша тіркеу
жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына мынадай жазу жазылады: "
Қосымша тексеруге (қайда) жіберілсін. 20__жылғы "___"_____ тіркеуге қайта
к е л с і н . "

Тіркеу жөніндегі комиссияның көрсетілген азаматтар жөніндегі түпкілікті
шешімі қосымша тексеруден өткеннен кейін қабылданады және комиссияның
хаттамалар кітабына қайта жазылады. Егер азаматтарды әскерге шақыру
учаскесіне тіркеу туралы қорытынды есеп жасағанға дейін жекелеген адамдарды
қосымша тексеру бітпеген болса, онда көрсетілген адамдар тіркеу туралы есепте
1-тізім бойынша (әскери қызметке уақытша жарамсыздар) емделуге (
медициналық бақылауға) мұқтаждар ретінде көрсетіледі.

20. Әрбір жұмыс күнінің соңында тіркеу жөніндегі комиссия мүшелері тіркеу
жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына жазылған жазбалардың

дұрыстығын тексереді, хаттамаға тіркеу жөніндегі комиссияның төрағасы және мүшелері қол қояды.

21. Тіркеу жөніндегі комиссия әскерге шақырылушының құжаттарын зерделеу және жеке әңгімелесу негізінде оның кәсібін, мамандығын, білімін, жалпы дамуын және медициналық куәландыру нәтижелерін ескере отырып, тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына енгізілетін мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

"Әскери қызметке жарамды";

"Әскери қызметке жарамды, бірақ қосымша емделуге мұқтаж";

"Емделуге (медициналық бақылауға) мұқтаж";

"Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі түрде жарамды";

"Әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз".

Тіркеу жөніндегі комиссия:

тіркелуге келмеген азаматтарды іздестіруді ұйымдастыру жөнінде; шет мемлекеттердің азаматтарына әскери есепке қоюдан бас тарту туралы; соттардың үкімдері бойынша жазасын өтеп жүрген адамдарды тіркеу мерзімін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды.

22. Емделу қажеттігі туралы шешім мерзімді әскери қызметке жарамдылық дәрежесіне дейін сауығуы мүмкін сырқаттары анықталған адамдарға қатысты қабылданады. Бұл адамдар емдеу-алдын алу ұйымдарында емделуге тиіс. Олардың мерзімді әскери қызметке жарамдылығы туралы мәселені әскерге шақыру кезінде әскерге шақыру комиссиясы шешеді.

23. Тіркеу кезінде "әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз" және "бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі түрде жарамды" болып танылған адамдарға тіркеу жөніндегі комиссияның шешімі негізінде, медициналық куәландырудан өткеннен кейін облыстық әскерге шақыру комиссиясының кезекті әскерге шақыруы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес әскери билет (бұдан әрі - әскери билет) беріледі, мұнда ол туралы тиісті жазбалар жазылады.

24. I және II топтағы мүгедек болып табылатын азаматтарға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуден өту кезінде комиссияның шешімі және мүгедектігін растайтын құжаттардың ұсынылған нотариалдық куәландырылған көшірмелері негізінде белгіленген тәртіппен "әскери міндетті емес" деген белгімен әскери билет беріледі. Қажет болған жағдайда әскери билет алатын адамның қолы қойылып, жақын туыстарына берілуі мүмкін.

25. Емделуге немесе медициналық бақылауға мұқтаж әскерге шақырылушылар тіркеуден кейін ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) есебіне

алынады және олар туралы мәліметтер 1-тізім (әскери қызметке уақытша жарамсыздар) немесе 2-тізім (шамалы шектеулермен әскери қызметке жарамдылар) бойынша тіркеу аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде денсаулық сақтау органдарына жіберіледі.

26. ЖӘБО (қаланың, ауданның) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу процесінде мынадай әскерге шақырылушыларды анықтайды:

1) емдеу жоспарына сәйкес оларға осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес жолдама (бұдан әрі - жолдама) бере отырып, емделуге (медициналық бақылауға) мұқтаждарды, емдеу-алдын алу ұйымдарына бекітілгендерді;

2) денсаулық жағдайы және басқа да деректер бойынша әскери-техникалық мектепте оқуға жарамдыларды, ол туралы әскерге шақырылушының есеп картасына жазылады;

3) бұл туралы әскерге шақырылушының есеп картасында және оны зерделеу парағында көрсете отырып, әскери оқу орындарына түсуге тілек білдіргендерді.

27. Әрбір жұмыс күнінің соңында ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) бастығы барлық азаматтардың өздері үшін белгіленген күні тіркеуге келгенін жеке өзі тексеруге тиіс. Тіркеуге белгіленген уақытта келмеген азаматтарға қатысты келмеу себебі анықталады және бір уақытта оларды қайтадан шақыру немесе іздеу салу шаралары қолданылады.

28. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелген азаматтарға осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес жеке өзі қол қойып алатын әскерге шақыру учаскесіне тіркелгендігі туралы куәлік (бұдан әрі - тіркеу туралы куәлік) беріледі. Әскерге шақырылушының есеп картасына және тіркеу туралы куәлікке осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес әскери есепке алу/есептен шығару туралы мөртаңбамен (бұдан әрі - мөртаңба) тиісті белгі қойылады.

Тіркеу туралы куәлікті тапсыру кезінде әскерге шақырылушыларға Әскери есепке алу ережесін сақтау жөніндегі, ал өздеріне қатысты емделуге (медициналық бақылауға) жіберу туралы шешім қабылданған адамдарға тиісті емдеу-алдын алу ұйымдарына жүйелі түрде бару қажеттігі туралы олардың міндеттері түсіндіріледі.

29. Әскерге шақырылушы тіркеу туралы куәлігін (әскери билетін, сержанттардың және сарбаздардың уақытша куәлігін) жоғалтқан жағдайда оған тіркеу туралы куәліктің (әскери билеттің, сержанттардың және сарбаздардың уақытша куәлігінің) телнұсқасы беріледі. Тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру ЖӘБО (қаланың, ауданның) бастығының шешімі бойынша және осы Ережеге 12-қосымшаға сәйкес жоғалту жағдайлары көрсетілетін әскерге шақырылушының жазбаша өтініші (бұдан әрі - өтініш) бойынша беріледі.

Тіркеу жөніндегі комиссия әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз және бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында

саптан тыс қызметке жарамды деп таныған әскерге шақырылушының есеп картасы растайтын құжаттармен бірге жеке іске тігіледі, ол 10 жыл сақталады.

30. Әскерге шақырылушылардың жеке істері мен есептік карталары негізінде осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес есептік-алфавиттік кітап (бұдан әрі - есептік-алфавиттік кітап) толтырылады. Кітапқа тіркеуден өткен барлық шақырылушылар, оның ішінде тексерілуге жіберілген, тіркеу кезінде бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптан тыс қызметке жарамды, әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар енгізіледі.

31. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін ЖӘБО (қаланың, ауданның):

1) барлық азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеумен толық қамту мақсатында жыл сайын сәуірде ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) бар тіркеуден өткен азаматтардың есептік деректерін ұйымдардың есептік деректерімен салыстыруды жүргізеді;

2) ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) тіркеуден өткен әскерге шақырылушыларға басталған жеке істердің болуын тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабының, есептік-алфавиттік кітаптың деректерімен және жиынтық тізіммен салыстырады, ол туралы запасқа жіберілетін әскерге шақырылушылардың тізімін қоса бере отырып, акт жасалады;

3) әскерге шақыру учаскелеріне жүргізілген тіркеудің қорытындылары туралы есеп жасайды және белгіленген мерзімде әскерге шақырылушыны медициналық куәландырудың нәтижелері, өткен жылмен салыстырғандағы сапалық көрсеткіштер, сондай-ақ маман дәрігерлермен және диагностикалық жабдықтармен қамтамасыз етілгендігі көрсетілетін түсіндірме жазбамен бірге оны ЖӘБО-ға (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ұсынады.

32. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс, бірақ тіркелу үшін белгіленген мерзімде келмеген азаматтар келмеу себептері анықталғаннан кейін жеке ісін ресімдеумен және есептік-алфавиттік кітапқа енгізумен әскерге шақырылушылардың әскери есебіне қабылданады. Көрсетілген азаматтарды медициналық куәландыру және олардың жарамдылық дәрежесін айқындау оларды әскери қызметке шақыру кезінде жүргізіледі.

33. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін ЖӘБО (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың):

1) азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеудің қорытындылары туралы есеп жасайды, оны түсіндірме жазбамен бірге жыл сайын 30 сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ұсынады;

2) 15 күн мерзімде әкімге (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) тіркеу қорытындылары жөнінде ақпарат ұсынады.

3. Қазақстан Республикасының әскерге шақырылушыларын есепке алу

34. ЖӘБО жоқ ауылдық жерлерде, қалалар мен кенттерде тұратын әскерге шақырылушыларды есепке алу азаматтардың тізімі бойынша жүргізіледі. Ұйымдарда әскерге шақырылушыларды есепке алу осы Ережеге 14-қосымшаға сәйкес жеке карточка (N T-2) (бұдан әрі - жеке карточка) бойынша жүргізіледі. Есепке алудың бұл түрі осы ұйымда жұмыс істейтін шақырылушылар санын айқындау, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына әскерге шақырылатындарды уақтылы ауыстыруды дайындау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, әскерге шақырылушылардың осы Ережені сақтауын бақылауды жүзеге асыру және жастарды әскери қызметке даярлауға ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) жан-жақты көмек көрсету мен әскери есепке алуды жүргізу мақсатында жүргізіледі.

35. ЖӘБО (қаланың, ауданның):

1) "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және осы Ереженің талаптарына қатаң сәйкестікте әскерге шақырылушыларды дербес есепке алуды жүргізеді, әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды және жаңа тұрғылықты жерге кеткен кезде оларды есептен шығаруды уақтылы ресімдейді;

2) әскерге шақырылушылардың жеке істері мен бақса да әскери-есептік құжаттарына отбасы жағдайының, білімінің, мамандығының, жұмыс орнының, тұрғылықты мекен-жайының өзгергені туралы мәліметтерді енгізеді;

3) мерзімді әскери қызмет кейінге қалдырылған әскерге шақырылушыларды есепке алуды жүргізеді және оларды кейінге қалдырудың заңдылығын бақылауды жүзеге асырады;

4) әскери-есептік жұмысты орындайтын адамдармен нұсқаулық-әдістемелік сабақтар өткізеді;

5) кемінде жылына бір рет әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу құқығы жүктелген ұйымдарда әскерге шақырылушыларды есепке алудың жай-күйін тексереді, олардың есептік деректерін ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) әскери есепке алу деректерімен салыстырады (әрбір әскерге шақыру алдында);

6) әкімдерге (қаланың, ауданның) әскерге шақырылушыларды әскери есепке алудың жай-күйі туралы ақпарат береді және қажет болған кезде бұл мәселені аудан (қала) әкімінің қарауына шығарады.

36. ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) әскери есепке алу есептік-алфавиттік кітаптар бойынша жүргізіледі, оған тіркелуге тиіс емес адамдарды қоспағанда, әскери қызметке жарамдылық дәрежесіне қарамастан, әскерге шақыру учаскесіне есепке алуға арналған тізімдерге қосылған барлық азаматтар енгізіледі.

Есептік-алфавиттік кітаптар және жеке істердің болуы әскерге шақырылушылардың санын және олардың қозғалысын (кетуі, келуі) қамтуға тиіс. Есептік-алфавиттік кітаптардағы және әскерге шақырылушылардың жеке істеріндегі барлық жазбалар мен белгілердің тіркеу жөніндегі және әскерге шақыру комиссияларының тиісті шешімдеріне, жазылған жазбалар мен белгілердің заңдылығы мен негіздемесін растайтын басқа да ресми құжаттарға сілтемесі болуға тиіс. Есептік-алфавиттік кітаптарда және әскерге шақырылушылардың жеке істерінде өшірулер мен ескертілмеген түзетулерге жол берілмейді. Есептік-алфавиттік кітаптардағы түзетулерге ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) бастығы қол қояды және елтаңбалық мөрмен куәландырылады. Әскерге шақырылушылардың жеке істерінде түзетулер қызыл сиямен жүргізіледі, ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) лауазымды адамының қолымен және елтаңбалық мөрмен куәландырылады. Әскерге шақыру ресурстарының болуын есепке алу және олардың қозғалысын бақылау үшін ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) осы Ережеге 15-қосымшаға сәйкес есепке алу журналы (бұдан әрі - есепке алу журналы) жүргізіледі, онда әрбір күні әскерге шақыру ресурстарының құрамында болған өзгерістер көрсетіледі. Әскерге шақырылушыларды есепке алудың дұрыстығы, есептік құжаттамаларды жүргізудің толықтығы мен сапасы және оның сақталуы үшін ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) лауазымды (жауапты) адамы жауапты болады.

37. ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) әскерге шақырылушылардың барлық жеке істері мынадай жүйелілікпен картотекаларға бөлінеді:

1) ағымдағы жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркелгендер (ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) алфавит бойынша және селолық округтер бойынша);

2) мерзімді әскери қызметке әскерге шақырылуға жататындар, сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда бөлек (ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) және селолық округтерде алфавит бойынша);

3) шақыру кейінге қалдырылатын құқығы барлар (картотека кейінге қалдырудың сипаты бойынша жасалуға тиіс: "отбасы жағдайы бойынша", "оқу орындарында білімін жалғастыру үшін", "денсаулық жағдайы бойынша", "басқа да себептер бойынша");

4) емделуге мұқтаждар;

5) денсаулық жағдайы бойынша бейбіт уақытта жарамсыз және тіркеу кезінде әскери есептен шығарумен жарамсыз деп танылғандар;

6) әскери оқу орындарына түсуге кандидаттар;

7) жеке істеріне әлі сұрау салынбаған, жаңа тұрғылықты жерге көшуіне байланысты әскери есептен шығарғандар (бір айға дейінгі мерзімге және бөлек - б і р а й д а н 8) а р т ы қ) ; с о т т а л ғ а н д а р .

Жоғарыда көрсетілген картотекалардың әрқайсысындағы жеке істер алфавит бойынша қатаң бөлінеді.

38. Тұрақты немесе 3 айдан артық мерзімге уақытша тұруға келген әскерге шақырылушылар жеті күн мерзімде әскери есепке қою үшін ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) жеке өзі келуге міндетті.

39. ЖӘБО (қаланың, ауданның) әскерге шақырылушылардың әскери есебіне азаматтардың мынадай санаттарын қабылдайды:

- 1) белгіленген мерзімде әскерге шақыру учаскелеріне тіркелген;
- 2) тұрғылықты жерін ауыстырған кезде аудан аумағына басқа ЖӘБО-дан (қ а л а н ы ң , а у д а н н ы ң) к е л г е н ;
- 3) түзеу мекемелерінде жазасын өтеген.

40. Басқа аудандардан келген әскерге шақырылушыларды әскери есепке қабылдау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) есептік-алфавиттік кітапқа әскерге шақырылушы туралы деректер ж а з ы л а д ы ;

2) Ережеге 16-қосымшаға сәйкес алфавиттік карточканың (бұдан әрі - алфавиттік карточкалар) 2 данасы толтырылады, олардың біреуі жеке істі алғанға дейін жеке папкада сақталады, ал екіншісі үш күн мерзімнен кешіктірілмей оның жеке ісін жіберу туралы өтініш жасаумен әскерге шақырылушының бұрынғы әскери есепке алынған орны бойынша ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) б а с т ы ғ ы н а жіберіледі ;

3) әскерге шақырылушылардың жеке істерін алғанға дейін олар ЖӘБО-да (қ а л а н ы ң , а у д а н н ы ң) сақталатын алфавиттік карточкалар бойынша ескеріледі және есеп беру кезінде бұл адамдар әскери есепте тұрған әскерге шақырылушылар қатарына жатқызылады ;

4) тіркеу туралы куәлікке әскерге шақырылушыны әскери есепке алу/есептен шығару туралы мөртаңба қойылады ;

5) ЖӘБО (қаланың, ауданның) жоқ елді мекендерде тұратын әскерге шақырылушылар әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың әскери есебіне қою үшін ауылдық (селолық) округтердің әкімдіктеріне келуге тиіс ;

6) әскерге шақырылушының жеке ісі келген кезде есептік-алфавиттік кітапқа және есеп картасына тиісті белгі қойылады.

Алынған жеке іс тексерілгеннен кейін тиісті картотекаға салынады. Алфавиттік карточка жойылады.

41. Түзеу мекемелерінде жазасын өтеген әскерге шақыру жасындағы азаматтарды әскери есепке алу түзеу мекемелерінде жазасын өтегені туралы анықтаманың көшірмесімен қоса, ЖӘБО (қаланың, ауданның) бастығының атына жазылатын жазбаша өтініш негізінде жүргізіледі.

Егер жазасын өтеу орнынан босатылған адамдар, олар жазасын өтегеннен кейін келген ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) бұдан бұрын әскери есепте тұрған болса, олардың жеке істері қалпына келтіріледі. Бұрын басқа ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) әскери есепте тұрған адамдарға осы ЖӘБО-дан (қаланың, ауданның) олардың жеке істері сұратып алынады, ал сотталғанға дейін әскери есепте тұрмаған адамдарға жеке істері мен басқа да құжаттар белгіленген тәртіппен ресімделеді.

42. "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі түрде жарамды" деп танылған әскери міндеттілер бейбіт уақытта медициналық қайта куәландыруға жатпайды.

43. ЖӘБО (қаланың, ауданның) әскерге шақырылушылардың әскери есебінен азаматтардың мынадай санаттарын шығарады:

1) әскерге шақыру учаскесін ауыстырған кезде жаңа тұрғылықты жерге к е т е т і н ;

2) әскери қызметке шақырылған және әскерге жіберілген;

3) әскери оқу орындарына курсант болып қабылданған;

4) әскерге шақыру комиссияларының шешімі бойынша әскери міндеттілер есебіне алынған және әскерге шақыру комиссиялары "әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз деп таныған;

5) азаматтық оқу орындарында әскери даярлықтан өткеннен және белгіленген емтихандарды тапсырғаннан кейін запастағы офицер және сержант әскери а т а ғ ы н а л ғ а н ;

6) еңбекпен түзеу мекемелерінде жазасын өтеу үшін сотталған;

7) қ а з а т а п қ а н ;

8) ш е т е л а з а м а т т ы ғ ы н а л ғ а н ;

9) Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы қызметінің, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің (бұдан әрі - құқық қорғау органдары) арнайы есебіне а л ы н ғ а н .

Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің

2008.11.18 N 1068, 2011.08.02 N 900, 2011.08.27 N 971 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

44. Әскери есептен шығару үшін әскерге шақырылушы ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) жеке өзі келуге және әскери есептен шығару себебі мен жаңа тұрғылықты жерінің нақты мекен-жайын көрсете отырып, жазбаша өтініш беруге тиіс.

45. Әскерге шақыру учаскесін ауыстыруға қаңтар-наурыз және шілде-қыркүйек кезеңінде жол беріледі. Басқа уақытта әскерге шақыру учаскесін ауыстыруға мынадай жағдайда ғана жол беріледі, егер шақырылушы:

әкімшілікпен басқа жерге жұмысқа ауыстырылса;
тұрғылықты жерін өзгертсе;

оқу орнына түскенде және білімін жалғастыру үшін кеткенде.

46. Әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығаруды тек ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) бастығы немесе оны ауыстыратын адам жүзеге асырады. Жазбаша өтініштерде әскерге шақырылушыны әскери есептен шығарудың себебі міндетті түрде көрсетіледі.

47. ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару мынадай тәртіппен жүргізіледі:

әскерге шақырылушы әскери есептен шығару туралы жазбаша өтініш береді;
тіркеу туралы куәлікте мөртаңбамен әскерге шақырылушыны әскери есептен шығару туралы белгі қойылады;

жаңа тұрғылықты жері бойынша әскерге шақырылушының жеке ісін жіберу туралы ЖӘБО (қаланың, ауданның) бастығының сұрау салуы;

картотекадан әскерге шақырылушының жеке ісі алынады, әскерге шақырылушының есеп картасына кеткен күні мен жерінің мекен-жайын көрсете отырып, әскери есептен шығару туралы белгі қойылады, сұрау ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) тиісті ісіне тігіледі, ол бір жыл сақталады;

есептік-алфавиттік кітапта әскери есептен шығарылған күні, әскерге шақырылушының қай ауданға, қалаға немесе елді мекенге кеткені көрсетіледі, күні, шығыс нөмірі және ол жіберілген ЖӘБО (қаланың, ауданның) көрсетіліп, әскерге шақырылушының жеке ісін жіберу туралы белгі қойылады.

48. Егер бір ай мерзім ішінде әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығарғаннан кейін тиісті ЖӘБО-дан (қаланың, ауданның) жаңа тұрғылықты жері бойынша олардың жеке істерін жіберу туралы сұрау түспеген болса, онда әскерге шақырылушыны әскери есептен алған ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) бастықтары олардың жеке істерін талап етудің кешігу себептерін нақтылауға тиіс

49. Әскерге шақырылушылар әскери есептен шықпай кеткен немесе олар жаңа тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұру үшін келмеген кезде ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) бастықтары мұндай әскерге шақырылушыларды ата-анасы, ішкі істер органдары, оқу орындары және басқа да ұйымдар арқылы іздестіруге шұғыл шаралар қолданады.

50. Мерзімді әскери қызметке жіберілген әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару ЖӘБО-ның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) облыстық жиын пунктіне (бұдан әрі - ОЖП) жіберілген әскерге шақырылушылардың атаулы тізімдерінің екінші даналары негізінде ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) жүргізіледі.

51. ОЖП-да толтырылатын атаулы тізімде әрбір әскерге шақырылушының тегі жазылған тұста жіберілген күні және команда (эшелон) нөмірі көрсетіледі. ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) қайтарылған әскерге шақырылушыларға қайтару себебі көрсетіледі. Әскерге шақырылушыларды жіберу және қайтару туралы белгіге ОЖП-ның бастығы қол қояды және ол ЖӘБО-ның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) елтаңбалық мөрімен куәландырылады. ЖӘБО-дан (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) алынған атаулы тізімдер (2-ші даналары) ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) қызметтік құжаттарды есепке алу журналы бойынша есепке алынады. Әрбір атаулы тізім дана нөмірі мен парақ санын көрсете отырып, жеке нөмірмен е с е п к е а л ы н а д ы .

ЖӘБО (қаланың, ауданның) жұмысының кезектілігі:

1) ЖӘБО-дан (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) алынған атаулы тізімдер негізінде әскерлерге жіберілген әскерге шақырылушылардың жеке істері іріктеліп алынады;

2) әскерге шақырылушының есеп картасында әскерге шақырылушыны әскери бөлімге жіберген күн, команданың нөмірі көрсетіледі (жазбаға ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) лауазымды адамы қол қояды);

3) есептік-алфавиттік кітапта (Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға шақыру туралы белгі) жіберілген күн және команда (эшелон) нөмірі көрсетіледі;

4) әскерлерге жіберілген әскерге шақырылушылардың жеке істері әскерге шақыру аяқталғаннан кейін мұрағатқа тапсырылады, онда әскерге шақырылушының есеп карталарымен бірге сақталады;

5) есептік-алфавиттік кітапта жеке істің сақталу орны туралы белгі қойылады.

52. Әскери-оқу орындарына қабылданған әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару әскери оқу орындары бастықтарының бұйрықтарынан көшірме-жазбалар негізінде мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) әскерге шақырылушының есеп картасында әскери оқу орнының атауын,

қабылданған күнін, әскери оқу орны бастығының оқуға қабылдау туралы бұйрығының нөмірін көрсете отырып, жоғары оқу орнына қабылдау және жеке істің сақталу орны туралы жазба жазылады;

2) әскери оқу орындарына қабылданған әскерге шақырылушылардың жеке істері мұрағатқа тапсырылады;

3) әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу және есептен шығару жөніндегі іске ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) лауазымды адамының әскери есептен шығару туралы белгісімен бірге әскери оқу орындары бастықтарының бұйрықтарынан көшірме-жазбалар тігіледі.

53. Түзеу мекемелерінде жазасын өтеу үшін сотталған әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару сот органдарының жазбаша хабарламалары негізінде жүргізіледі. Соттар бір уақытта ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) сотталғандарды тіркеу туралы куәлікті жібереді.

ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) сотталғандығы туралы хабарлама түскен кезде картотекадан сотталған адамның жеке ісі алынады. Әскерге шақырылушының есеп картасына және есептік-алфавиттік кітапқа соттың атауын, шешім шығарылған күнді, Қылмыстық кодекстің баптарын және әскерге шақырылушыны жазалау мерзімін көрсете отырып, әскери есептен шығару туралы белгі қойылады. Үкімнің көшірмесі немесе сот органдарының хабарламасы әскерге шақырылушының жеке ісіне тігіледі, ол мұрағатқа тапсырылады және онда ол 27 жасқа толғанға дейін сақталады, одан кейін комиссия оны акті бойынша жояды.

Есептік-алфавиттік кітапқа жеке істің сақталу орны туралы белгі қойылады. Сотталған әскерге шақырылушыны тіркеу туралы куәлік белгіленген тәртіппен жойылады.

54. Қаза тапқан әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару АХАЖ органдарынан олардың қайтыс болғаны туралы алынған жазбаша хабарламалар негізінде жүргізіледі.

Қайтыс болған күні мен жазбаны куәландыратын құжатты көрсете отырып, әскерге шақырылушының есеп картасына және есептік-алфавиттік кітапқа әскерге шақырылушылардың мұндай санаттарын әскери есептен шығару туралы жазба жазылады. Жеке іс мұрағатқа тапсырылады, онда бір жыл сақталады және белгіленген тәртіппен жойылады.

Қайтыс болғаны туралы хабарламада АХАЖ органдары қайтыс болған күнін және акт жазбасының нөмірін көрсетеді.

Есептік-алфавиттік кітапқа жеке істің сақталу орны туралы белгі қойылады.

55. Әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару және оларды құқық қорғау органдарының арнайы есебіне алу осы мемлекеттік органдардың бұйрықтарынан алынған көшірме-жазба негізінде, ал Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі және Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) (бұдан әрі - ПМ, ТЖМ және ЭСЖКА) арнайы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын - оқу орындарының кадр органдарының бұйрықтарынан алынған үзінді негізінде жүргізледі.

Әскерге шақырылушының есеп картасына және есептік-алфавиттік кітапқа белгіленген құқық қорғау органының бұйрығының күні мен нөмірін көрсете отырып, әскерге шақырылушыны әскери есептен шығару туралы белгі қойылады. Жеке іс мұрағатқа тапсырылады және олар 27 жасқа жеткенге дейін сақталады.

Есепке алу-алфавиттік кітапқа жеке істің сақталатын орны туралы белгі қойылады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.27 N 971 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

56. Оқу орындарының запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен студенттері әскерге шақырылушылардың әскери есебінен шығарылады және әскери есепке алу орны бойынша ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) запастағы офицерлер әскери есебіне беріледі.

Оларды запастағы офицерлердің әскери есебіне беруді ресімдеу мынадай тәртіппен жүргізледі:

оқу орындары орналасқан жер бойынша ЖӘБО (қаланың, ауданның) әскери кафедралардан офицерлер құрамына аттестатталған студенттерге атаулы тізімдер мен есеп құжаттарының ұсынылуына қарай бес күн мерзімде тіркеу туралы куәлікке "Университетте (институтта) әскери даярлықтан өтті. Офицерлер құрамына аттестатталды" деген жазу жазады, ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) бастығы қол қояды және елтаңбалық мөрмен куәландырылады.

Студентке тіркеу туралы куәлігі қайтарылады және ол жеті күн мерзімде әскерге шақырылушылардың әскери есебінен шығару және запастағы офицерлердің әскери есебіне алуды (ауыстыруды) ресімдеу үшін әскери есепке алу орны бойынша ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) келуі қажет.

Офицерлер құрамының әскери атақтарын беру туралы белгісі бар аттестаттау парақтарын алған кезде студенттерге берілген әскери атақ бес күн мерзімде есеп құжаттарына жазылады.

Студенттерге офицерлер құрамының әскери атақтары берілгенге дейін олар ЖӘБО-да (қаланың, ауданның) әскери есепте тұрады, оларды басқа офицерлерден бөлек тіркеу туралы куәліктердегі жазба негізінде жасалған алфавиттік карталар бойынша есепке алады. Тіркеу туралы куәліктер студенттерде қалдырылады.

Студенттерге аттестаттау парақтары мен оларға офицерлер құрамының әскери атақтарын беру туралы белгісі бар есеп құжаттарын алған кезде ЖӘБО (қаланың, ауданның) оларды әскерге шақырылушылардың әскери есебінен шығарады, Ережеге 17-қосымшаға сәйкес запастағы офицерлердің әскери билеттерін (бұдан әрі - запастағы офицердің әскери билеті) толтырады және оларға тапсырады, ал бұрын берілген тіркеу туралы куәліктерді алады және белгіленген тәртіппен жояды. Студенттерге запастағы офицерлердің әскери билеттерін тапсырғаннан кейін олардың жеке істері мұрағатқа тапсырылады, ал қызметтік және алфавиттік карталары тиісті картотекаларға салынады.

57. Әскерге шақырылушыны әскерге шақырылушылар есебінен шығару үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің офицерлер атағын беру туралы бұйрығының нөмірі мен күні көрсетілген аттестаттау парағы негіз болып т а б ы л а д ы .

Әскерге шақырылушыны әскери есептен шығару үшін әскерге шақырылушының есеп картасына және есептік-алфавиттік кітапқа жазба жазу қ а ж е т .

Запастағы офицерлер есебіне тапсырылған әскерге шақырылушылардың жеке істері әскерге шақыру туралы есеп жасалғаннан кейін ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) мұрағатында сақталады, жеке істің сақталу орны туралы белгі есептік-алфавиттік кітапқа енгізіледі.

58. Денсаулық жағдайы бойынша әскери міндеттілер есебіне берілген ("бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі түрде жарамды" және "әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз" деп танылған) әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару облыстық әскерге шақыру комиссиясының шешімімен расталған аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының шешімі негізінде жүргізіледі.

Әскерге шақырылушыны әскерге шақырылушылардың әскери есебінен шығару және оны әскери міндеттілер есебіне беру үшін аудандық әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабынан көшірме-жазба жасауды жүзеге асыру қажет және әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабымен және әскерге шақырылушының есеп картасымен бірге ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) б а с т ы ғ ы н а қ о л қ о ю ғ а ұ с ы н ы л а д ы .

Әскерге шақырылушының жеке ісі аудандық әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабының көшірме-жобасымен бірге әскери билет толтыру үшін ЖӘБО-ға (облыстың) тапсырылады.

Әскерге шақырылушы әскери билет алған кезде ЖӘБО (қаланың, ауданның) тіркеу туралы куәлікті алады, ол белгіленген тәртіппен жойылады.

Әскери билет беру туралы әскерге шақырылушының есеп картасына әскери билеттің сериясы мен нөмірін көрсете отырып белгі жасалады, ЖӘБО-ның (

қаланың, ауданның) лауазымды адамы қол қояды және елтаңбалық мөрмен куәландырылады. Есеп картасы мұрағатқа сақтауға беріледі.

Әскерге шақырылушыны әскери есептен шығару туралы есептік-алфавиттік кітапқа тиісті белгі жасалады.

59. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабында көзделген себептер бойынша бейбіт уақытта әскерге шақыру бойынша әскери қызметке шақырудан босатылған әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару үшін аудандық әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабынан көшірме-жазба жасау қажет және әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабымен және әскерге шақырылушының есеп картасымен бірге ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) бастығына қол қоюға ұ с ы н ы л а д ы .

Әскерге шақырылушының жеке ісі аудандық әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабының көшірме-жазбасымен әскери билет толтыру үшін ЖӘБО-ға (облыстың) беріледі.

Әскерге шақырылушы әскери билетті алған кезде ЖӘБО (қаланың, ауданның) тіркеу туралы куәлікті алады, ол белгіленген тәртіппен жойылады.

Әскери билет беру туралы әскерге шақырылушының есеп картасына әскери билеттің сериясы мен нөмірін көрсете отырып белгі қойылады, ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) лауазымды (жауапты) адамы қол қояды және елтаңбалық мөрмен куәландырылады. Есеп картасы мұрағатқа сақтауға беріледі.

Әскерге шақырылушыны әскери есептен шығару туралы есептік-алфавиттік кітапқа тиісті белгі жасалады.

60. Қабылданған шешімдердің заңдылығын растайтын құжаттар салынған аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссияларының шешімімен әскери міндеттілер есебіне берілген әскерге шақырылушылардың барлық есеп карталары алфавит бойынша салынады, жеке іс (көктемгі және күзгі шақыру үшін бөлек) ресімделеді, ол 10 жыл бойы жеке істерден бөлек сақталады.

4. Әскери есепке алуды жүзеге асыру тәртібі

61. Әскери есепке алынуға тиіс азаматтар:

1) өзімен бірге әскери билетін, әскери билет орнына берілген уақытша куәлігін немесе тіркеу туралы куәлігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және көлік құралын жүргізуге құқық беретін жүргізуші куәлігін (ол болған кезде) алып, шақыру (шақыру қағазы) бойынша белгіленген уақытта және жерге ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) немесе тұрғылықты жері бойынша әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге органға к е л у і ;

2) әскери қызметтен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасына шығарылған кезде тұрғылықты жеріне келгеннен кейін жеті күн мерзімде ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) әскери есепке тұруы;

3) жеті күн мерзімде ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) немесе әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге органға жұмыс орнының немесе лауазымының, білімінің, аудан, қала шегінде тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарлауы;

4) жаңа тұрғылықты жерге немесе уақытша тұратын жерге (3 айдан артық мерзімге) көшкен кезде әскери есептен шығуы және жаңа тұрғылықты жерге келгеннен кейін жеті күн мерзімде әскери есепке тұруы;

5) әскери билетін (тіркеу туралы куәлігін) жоғалтқан жағдайда әскери міндетті (әскерге шақырылушы) жеті күн мерзімде ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) немесе тұрғылықты жері бойынша әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге органға өтініш жасауы, жоғалған құжаттардың орнына құжаттар алу туралы мәселені шешу үшін өтініш жазуы қажет. Барлық мән-жайды (себептерді) анықтау кезеңіне запастағы сержанттар (старшиналар) мен сарбаздарға (матростарға) Ережеге 18-қосымшаға сәйкес уақытша куәлік (әскери билеттің орнына) (бұдан әрі - сержанттар мен сарбаздардың уақытша куәлігі), ал запастағы офицерлерге Ережеге 19-қосымшаға сәйкес уақытша куәлік (әскери билеттің орнына) (бұдан әрі - запастағы офицердің уақытша куәлігі) беріледі.

62. Жұмылдыру нұсқамасын немесе ЖӘБО шақыру қағазын алған азаматтар оларға Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен жүктелген т а л а п т а р д ы о р ы н д а й д ы .

Оларды әскери есептен шығару кезінде:

1) әскери билетке әскери есептен шығару туралы белгі қойылады;

2) ауданнан, қаладан тысқары шығатын азаматтардың жұмылдыру нұсқамалары алынады, ол туралы әскери билетке белгі қойылады;

3) әскери есептен шығарылған азаматтардың тізімі жасалады, ол алынған жұмылдыру нұсқамаларымен бірге он күнде бір рет ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) белгіленген тәртіппен жіберіледі;

4) әскери міндеттілердің бастапқы есепке алу карточкаларында әскери есептен шығарылған күні мен себебі жазылады.

Ескерту. 62-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.01 N 1427 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

63. Әділет органдары Қазақстан Республикасының азаматтары ЖӘБО-ға (ауданның, қаланың) әскери есепке қою немесе шығару туралы мәліметтер берілуіне қарай оларды тұрғылықты жері бойынша тіркеуді (тіркеуден шығаруды) жүзеге асыруға міндетті.

64. ЖӘБО жоқ жерлерде әскери міндеттілерді әскери есепке алуды ауылдық (селолық) округтің әкімдері Ережеге 20-қосымшаға сәйкес бастапқы есепке алу карточкалары (бұдан әрі - бастапқы есепке алу карточкалары) бойынша, ал әскерге шақырылушыларды Ережеге 21-қосымшаға сәйкес әскери есепте тұрған әскерге шақырылушылар тізімі (бұдан әрі - әскери есепте тұрған әскерге шақырылушылар тізімі) бойынша қамтамасыз етеді.

65. Олардың негізінде азаматтарды әскери есепке алу жүзеге асырылатын құжаттар мыналар болып табылады:

1) запастағы офицерлер үшін - запастағы офицердің әскери билеті немесе запастағы офицердің уақытша куәлігі;

2) әскери міндетті запастағы сержанттар (старшиналар) мен сарбаздар (матростар) үшін - әскери билет немесе уақытша куәлік (сержанттар мен с а р б а з д а р д ы ң) ;

3) әскерге шақырылушылар үшін - тіркеу туралы куәлік.

66. Әскери есепке алуды қамтамасыз ету үшін кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері:

1) Ережеге 22-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - есеп карточкасы) әскери міндеттілерді әскери есепке алуды/есептен шығаруды жүргізеді және өздерінің аумағына тұрақты тұруға немесе уақытша тұруға (3 айдан астам мерзімге) келетін (басқа ауданға, қалаға көшіп кететін) әскерге шақырылушыларды есепке а л а д ы ;

2) өздерінің аумағында орналасқан барлық ұйымдарды есепке алуды жүргізеді және әскери есепке алуды жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

3) жылына кемінде бір рет әскери міндеттілерді бастапқы есепке алу карточкасы мен есепте тұрған әскерге шақырылушылардың тізімін салыстырады;

4) ұйымдардың жеке карточкаларын аулалар бойынша аралап тексеру жолымен әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың нақты болуымен с а л ы с т ы р а т е к с е р е д і ;

5) азаматтарды ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) шақыру туралы хабардар етеді және осы шақыру бойынша көрсетілген пункттерге және мерзімде уақтылы к е л у і н е ж ә р д е м д е с е д і ;

6) бастапқы есепке алу карточкаларына және әскерге шақырушылардың тізімдеріне білімінің, жұмыс орнының, лауазымының, отбасы жағдайының өзгерістерін енгізеді және ай сайын 25-і күні ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) х а б а р л а й д ы ;

7) жыл сайын 1 қыркүйекке дейін ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) 15-16 жастағы азаматтардың тізімдерін, ал 1 желтоқсанға дейін Ережеге 23-қосымшаға сәйкес келесі жылы әскери есепке тұрғызылуға тиіс азаматтардың тізімдерін (

бұдан әрі - тіркеуге жататындар тізімі) ұсынады;

8) Ережеге 24-қосымшаға сәйкес әскери есептің және әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды бекітіп қоюдың жай-күйін тексеру журналын (бұдан әрі - тексеру журналы) жүргізеді;

9) азаматтарға әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді түсіндіреді және олардың осы Ереженің белгіленген нормаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 66-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.01 N 1427 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

67. Азаматтарды ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) әскери есебіне қою кезінде азаматтардың бұрынғы тұрғылықты жері бойынша әскери есептен шығуы туралы белгінің болуын, запастағы офицерлер мен әскерге шақырылушылардың жаңа тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) әскери есепке тұруын тексеру қажет. Запастағы офицерлердің әскери билеттерінде, запастағы офицерлердің уақытша куәліктерінде, сержанттар мен сарбаздардың әскери билеттерінде, сержанттар мен сарбаздардың уақытша куәліктерінде, тіркеу туралы куәліктерде айтылмаған түзетулер, дәлсіздіктер мен жасандылық, парақ санының толық еместігі анықталған кезде әкімдер бұл туралы тиісті шаралар қабылдау үшін ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) хабарлайды. Әскери билетті әкімдерге қалдыру қажет болған жағдайда әскери міндеттілерге Ережеге 25-қосымшаға сәйкес қолхат (бұдан әрі - қолхат) беріледі;

Барлық әскери міндеттілерге бастапқы есепке алу карточкалары толтырылады, ал әскерге шақырылушыларға тізім жасалады және алфавиттік карточкалар толтырылады. Әскери міндетті сержанттарға (старшиналарға), сарбаздарға (матростарға) есеп карточкалары жүргізіледі. Көрсетілген құжаттарды толтыру әскери билеттердегі, уақытша куәліктер мен тіркеу туралы куәліктердегі жазбалармен дәл сәйкестікте жүргізіледі, бұл ретте білімі, жұмыс орны, лауазымы, тұрғылықты жері мен отбасы жағдайы туралы мәліметтер оларды жеке әңгімелесу кезінде анықтағаннан кейін жазылады. Дұрыс емес жазбалар анықталған жағдайда азаматтар әскери есепке қою ресімделгеннен кейін әскери билеттерге және тіркеу туралы куәліктерге тиісті өзгерістерді енгізу үшін ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) жіберіледі.

68. Шектеулі жасқа жеткен, запаста тұрған әскери міндеттілерді әскери есептен шығару жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жүргізіледі.

69. Қайтыс болған әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару АХАЖ органдарынан қайтыс болғаны туралы хабарлама алған кезде жүргізіледі.

Бұл ретте қайтыс болған азаматтың әскери есепке алу құжатына тиісті жазба жазылады, одан кейін ЖӘБО (қаланың, ауданның) әскери билетті, уақытша куәлікті немесе тіркеу туралы куәлікті алып қалады. Бастапқы есепке алу карточкаларында қайтыс болғаны туралы актілік жазбаның нөмірін көрсете отырып белгі қойылады, одан кейін карточкалар есептен алынғандар мен есептен шығарылғандардың картотекасына салынады. Бұл карточкалар белгіленген тәртіппен жойылады.

70. Қазақстан Республикасының азаматтығын алған, басқа мемлекеттерде әскери (баламалы) қызмет өткермеген 27 жасқа дейінгі адамдар әскерге шақырылушылардың әскери есебіне қабылданады.

71. Қазақстан Республикасының азаматтығын алған, 27 жасқа толған адамдар әскери міндеттілердің әскери есебіне қабылданады.

5. Ұйымдарда азаматтарды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі

72. Ұйымдарда азаматтарды әскери есепке алу әскери есеп туралы мәліметтерді қамтитын жеке карточка бойынша жүргізіледі. Ережеге 26-қосымшаға сәйкес әскерге шақырылушыларға мерзімді әскери қызметке жататын , жұмыс істейтін (оқитын) жасөспірімдер тізімі (бұдан әрі - мерзімді әскери қызметке даярлауға жататын жасөспірімдер тізімі) қосымша жүргізіледі.

73. Әскери есепке алуды жүзеге асыру үшін ұйымдардағы әскери-есеп жұмыстарына жауаптылар :

1) жұмысқа (оқуға) қабылдау кезінде әскери міндеттілердің әскери билетін және уақытша куәліктерін, ал әскерге шақырылушылардың тіркеу туралы куәлігін тексереді. Көрсетілген құжаттарды қабылдау кезінде азаматтарға қолхат беріледі ;

2) жұмысқа (оқуға) қабылданатын азаматтардың әскери есепте тұратындығын белгілейді. Әскери есепке тұрмайтын әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар жұмысқа (оқуға) олар тұрғылықты жері бойынша есепке алу органдарына әскери есепке қойылғаннан кейін ғана қабылданады;

3) ұйымдарда жұмыс істейтіндер (оқитындар) қатарынан азаматтарды толық және сапалы әскери есепке алуды қамтамасыз етеді;

4) жылына кемінде бір рет азаматтардың жеке карточкаларындағы әскери есепке алу туралы мәліметтерді ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) әскери есепке алу құжаттарымен салыстырады ;

5) жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында ұйымдарға запаста тұрған азаматтарды бекітіп қоюды уақтылы ресімдейді;

6) жыл сайын 1 қыркүйекте ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) 15-16 жастағы азаматтардың тізімін және 1 желтоқсанға дейін - әскерге шақыру учаскесіне

тіркелуге тиіс, келесі жылы әскери есепке қойылуға тиіс азаматтардың тізімін ұ с ы н а д ы ;

7) азаматтардың ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) шақыру (шақыру қағазы) бойынша уақтылы келу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

8) ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) жұмысқа (оқуға) қабылданған немесе жұмыстан босатылған (оқу орындарынан шығарылған) әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар туралы хабарлайды;

9) ЖӘБО-ның (қаланың, ауданның) сұрауы бойынша ұйым қызметкерлерінің, оның ішінде жұмылдыру кезеңіне және соғыс уақытына ұйымға бекітіліп қойылғандардың саны туралы мәліметтерді жібереді;

10) әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды есепке алудың және бекітіп қоюдың жай-күйін тексеру журналын жүргізеді.

74. Запаста болудың шекті жасына жеткен азаматтардың немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтардың жеке карточкаларында "жасы бойынша әскери есептен шығарылды" немесе "денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарылды" деген белгі жасалады.

75. Әскери есепті ұйымдастыруды және жүргізуді, ұйымдарға әскери міндеттілерді бекітіп қоюды бақылауды ЖӘБО (қаланың, ауданның) жүзеге асырады.

6. Әскери есепке алу құжаттары

76. Әскери есепке алу және жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытына ұйымдарға әскери міндеттілерді бекітіп қою құжаттары азамат туралы мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- 1) тегі, аты және әкесінің аты;
- 2) әскери атағы;
- 3) туған күні;
- 4) ұлты (адамның қалауы бойынша көрсетіледі);
- 5) тұрғылықты жері;
- 6) отбасы жағдайы;
- 7) білімі;
- 8) жұмыс орны;
- 9) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылығы;
- 10) негізгі антропометрикалық деректері;
- 11) әскери қызметті өткеруі;
- 12) әскери жиындардан өтуі;
- 13) шетел тілдерін білуі;

- 14) әскери-есептік және азаматтық мамандықтарының болуы;
15) спорттық разрядының немесе спорттық атағының болуы.

77. Запастағы офицерлердің әскери билеттері, запастағы офицерлердің уақытша куәліктері, сержанттар мен сарбаздардың әскери билеттері, запастағы сержанттар мен сарбаздардың уақытша куәліктері, тіркеу туралы куәліктер бланкілерінің үлгілерін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлейді және осы Ережемен бекітіледі.

78. Запастағы офицерлердің әскери билеттерінің; запастағы офицерлердің уақытша куәліктерінің; әскери билеттердің, запастағы сержанттар мен сарбаздардың уақытша куәліктерінің; тіркеу туралы куәліктердің, жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы куәліктердің; арнайы әскери есепке алу туралы хабарламалардың бланкілері қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша жасалады. Көрсетілген құжаттар қатаң есептегі құжаттар болып табылады және оларға бөтен адамдардың қол жеткізуін болдырмайтын тәртіппен сақталады.

79. Қатаң есептегі бланкілерден басқа, ұйымдарда азаматтарды әскери есепке алуды жүргізу жөніндегі құжаттарды (бланк өнімдерін) ұйымдар жасайды.

80. Азаматтарға қатаң есептегі бланкілерді беру ақысыз жүргізіледі.

81. Азаматтар шетелге тұрақты тұру үшін кеткен кезде олар әскери билеттерді, уақытша куәліктерді және тіркеу туралы куәліктерді ЖӘБО-ға (қаланың, ауданның) қайтаруға тиіс.

7. Құқық қорғау органдарында қызмет өткеретін азаматтарды әскери есепке алу тәртібі және ерекшеліктері

Ескерту. 7-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.02 N 900, 2011.08.27 N 971 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

82. Құқық қорғау органдарында қызмет өткеретін әскери міндеттілерді, сондай-ақ ИМ, ТЖМ мен ЭСЖКА оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын есепке алу осы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен осы Ереже белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.27 N 971 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

83. ЖӘБО-да (ауданның, қаланың) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ ИМ, ТЖМ мен ЭСЖКА арнайы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын әскери есептен шығару екі данада атаулы

тізімдерді, әскери билеттерді және/немесе тіркеу туралы куәліктерді қоса бере отырып, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО-ға (ауданның, қаланың) жіберілетін көрсетілген органдардың қолдаухаты бойынша жүргізіледі.

ЖӘБО (ауданның, қаланың) азаматтарды әскери есепке алу құжаттарында әскери есептен шығару туралы белгі жасайды. Әскери есептен шығару туралы белгісі бар әскери билеттер, атаулы тізімдердің бір данасы, ал запастағы офицерлердің жеке істері мен қызметтік карталары қолдаухат жіберген органдарға қайта жіберіледі.

Ескерту. 83-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.27 N 971 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

84. Құқық қорғау органдарының қызметінен қызметкерлерді босату кезінде кадр органдары оларға Ережеге 27-қосымшаға сәйкес нұсқама береді және оларды жеті күн мерзімде әскери есепке тұру үшін тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО-ға (ауданның, қаланың) келуге міндеттейді, олардың шығарылғаны туралы ЖӘБО-ны (ауданның, қаланың) жазбаша хабардар етеді.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.27 N 971 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

85. Құқық қорғау органдарынан босатылған қызметкерлер, сондай-ақ оқудан шығарылған және/немесе келісім шартты бұзған, бірақ 27 жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімін өткермеген ИМ, ТЖМ мен ЭСЖКА арнайы оқу орындарының курсанттары мен тындаушылары тұрғылықты жері бойынша әскерге шақырылушылардың әскери есебіне қабылданады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.27 N 971 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

86. Тиісті құқық қорғау органдарының басшылары жыл сайын 1 ақпанда (ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) ЖӘБО-ға (ауданның, қаланың) салыстыру үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі белгілеген нысан бойынша көрсетілген органдарда қызмет өткеріп жатқан әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың саны туралы мәліметтерді ұ с ы н а д ы .

Құқық қорғау органдарында қызмет өткеріп жатқан азаматтардың саны туралы мәліметтер ЖӘБО-да (ауданның, қаланың) оларға бөтен адамдардың қол жеткізуін болдырмайтын мөр қойылған жеке картотекаларда сақталады. Көрсетілген құжаттармен жұмыс істеуге тек ЖӘБО (ауданның, қаланың) бастығының бұйрығымен айқындалатын адамдарға ғана рұқсат етіледі.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің

2011.08.27 N 971 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Жұмысының сипаты мен жағдайлары тұрақты тұрғылықты жерінен шығумен байланысты немесе шалғай жерлерде жұмыс істейтін азаматтарды әскери есепке алудың ерекшеліктері

87. Теңіз және өзен кемелерінде жұмыс істейтін, порттарына осы кемелер тіркелген елді мекендерде тұрақты тұратын азаматтар тұрғылықты жері бойынша әскери есепте тұрады.

Теңіз және өзен кемелерінде жұмыс істейтін, осы кемелер порттарына тіркелген елді мекендерде тұрақты тұрмайтын азаматтар тиісті кеме шаруашылығының, басқармалардың кадр органдары орналасқан жер бойынша әскери есепте тұрады.

88. Далалық геологиялық және топографиялық-геодезиялық ұйымдарда, іздестіру, барлау, түсіру, гидрогеологиялық, геофизикалық, орман және жер құрылысы экспедицияларында, желілік құрылыс-монтаждау және мамандандырылған поездарда, жол және машина станцияларында, механикаландырылған және мамандандырылған жылжымалы колонналарда, тоннельдік, көпір салу, жүзу жасақтарында (учаскелерінде), құрылыс-монтаждау және іске қосу-жөндеу ұйымдарында, механизация және су асты техникалық жұмыстары басқармаларында, мұнай және газ өндіру кәсіпорындарында, сондай-ақ оларға теңестірілген басқа да ұйымдарда жұмыс істейтін және жұмыс орындарында тұрақты тұрмайтын азаматтар осы ұйымдар орналасқан жер бойынша әскери есепке алуды жүзеге асыратын органдарда әскери есепте тұрады.

89. Ұйымдарға жұмысқа қабылданатын азаматтарды әскери есепке қоюды немесе жұмыстан босатылатын азаматтарды әскери есептен шығаруды ұйымдардың әкімшілігі Ережеге 28-қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында
әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алуды жүргізу
тәртібі туралы ережеге

1-қосымша

**Әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге тиіс 19__ жылы туған
азаматтардың**

(жергілікті өкілетті органдары және өзге де ұйымдар)

20__ж. " __ " _____ жағдай бойынша

P/c N	Тегі, аты, әкесінің аты	Жұмыс (оқу) орны және атқаратын лауазымы	Тұрғылықты жері	1 қаңтардан кейін тіркеу аяқталғанға дейін болған өзгерістер туралы қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) белгісі және ол жиынтық тізімде қандай реттік нөмірмен есепке алынған (2-қосымша)
1	2	3	4	5

М.О.

Қолы _____ (тегі, аты-жөні)

20__ж. " __ " _____

Е с к е р т у :

1. Тізім алфавиттік тәртіппен анық жазумен (баспа әріптерімен) жазылады. Тізімге азаматтығына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, денсаулық жағдайына, олардың тұрақты немесе уақытша тұруына немесе жұмысына (оқуына) қарамастан, тіркеу жылы 17 жасқа толатын барлық азаматтар енгізіледі.

2. Әскерге шақыру учаскесінде бұдан бұрын тіркеуден өтпеген ересек жастағы азаматтар да осы тізімге жазылады. Олардың туған жылы 2-бағанда көрсетіледі.

3. Тізімдерге ұйымдардың басшылары қол қояды және сүргілі елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

4. Тізімдер қорғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) тіркеледі, жеке іске тігіледі және 3 жыл бойы сақталады.

5. 5-баған қорғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) толтырылады.

Қазақстан Республикасында
әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алуды жүргізу
тәртібі туралы ережеге

2-қосымша

**20__жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге тиіс _____
қаласында (ауданында) 19__жылы туған азаматтардың
ЖИЫНТЫҚ ТІЗІМІ**

--	--	--	--

Р/с N	Тегі, аты, әкесінің аты	Жұмыс (оқу) орны және атқаратын лауазымы	Тұрғылықты жері	Әскерге шақыру учаскесіне тіркелген күні қорғаныс істері басқарманың белгісі және шақырылушы қандай реттік жазылған	туралы жөніндегі (бөлімнің) әскерге хаттамада нөмірмен
1	2	3	4	5	

_____ қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім)
(әскери атағы, қолы)
бастығы

Қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) бөлімше
бастығы _____

(әскери атағы, қолы)

20__ж."__"_____

Е с к е р т у :

1. Тізімге азаматтығына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, денсаулық жағдайына, олардың тұрақты немесе уақытша тұруына, жұмыс (оқу) орнына қарамастан, тіркеу жылы 17 жасқа толатын барлық азаматтар қосылады.

2. Әскерге шақыру учаскесіне бұдан бұрын тіркеуден өтпеген ересек жастағы азаматтар да осы тізімге жазылады. Олардың туған жылы 2-бағанда көрсетіледі.

3. Тізім қорғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) 3 жыл сақталады.

4. 5-баған азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеген күні толтырылады

Қазақстан Республикасында
әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алуды жүргізу
тәртібі туралы ережеге

3-қосымша

Қорғаныс істері
жөніндегі басқарма
(бөлім) Бастығының
Бұйрығы _____
| ҚР ҚК |
| нышаны |
делам обороны

ПРИКАЗ
НАЧАЛЬНИКА
управления (отдела) по

N _ _ _

20__ж."__"_____

Азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы

1. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заң , аудан (қала) әкімінің 20__ ж. "_____" N_____ шешімі негізінде _____ облысының 19 жылы туған азаматтарын әскерге шақыру учаскесіне тіркеу
ж а р и я л а н а д ы .

2. Тіркеуге келуге 19_____ жылы 1 қаңтар мен 31 желтоқсанды қоса алғанда туған, _____ ауданының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын барлық азаматтар, сондай-ақ бұрын тіркеуден әртүрлі себептер бойынша өтпеген туған жылы үлкен азаматтар жатады.

3. Әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге жататын барлық азаматтар дербес шақыру қағазында көрсетілген құжаттарды өзімен бірге алып, оларға нақты белгіленген күні және сағатта _____ мекен-жай бойынша тіркеуге келуге міндетті. Дербес шақыру қағаздарын алмаған азаматтар жеке басын куәландыратын құжаттарды өзімен бірге алып, 20_____ ж. "_____" _____ күні ішінде көрсетілген мекен-жай бойынша келуге міндетті.

4. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, білім беру ұйымдарының басшылары тіркеуден өту үшін әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге жататын азаматтарды қажетті уақытта босатуға және олардың қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) келуін қамтамасыз етуге міндетті.

_____ қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығы

Қазақстан Республикасында
әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алуды жүргізу
тәртібі туралы ережеге

4-қосымша

<p>Шақыру қағазының түбіртегі Сериясы ААН№N 000001 _____</p>		<p>(әскер жасына дейінгінің, әскерге шақырылушының, әскери міндеттінің тегі, аты және әкесінің аты, әскери а т а ғ ы)</p> <p>Мекен-жайы: _____</p> <p>Жұмыс орны және мекен жайы: _____</p> <p>ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫ Сериясы АА N 000001</p> <p>"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде Сізге 20__ ж. "_____" _____ сағат "_____" _____ мекен-жайы бойынша</p>
<p>(әскери міндеттінің, әскер жасына дейінгінің,</p>		

_____ әскерге шақырылушының
әскери атағы, тегі,
аты және әкесінің аты)

_____ мәселелер

б о й ы н ш а
(шақыру себебі
көрсетілсін)
"___" бөлімшесіне _____

_____ 20__ ж. "___" _____
шақырылды

_____ **Шақыру қағазына қол**
қойды _____

_____ 20__ ж. "___" _____
_____ 20__ ж. "___" _____

_____ әскерге шақырылушыға
шақыру қағазы
тапсырылды

_____ (хабардар ету тәсілі
көрсетілсін)

л
и
н
и
я
о
т
р
е
з
а

_____ қорғаныс істері
жөніндегі басқармасына (бөліміне)
"___" бөлімшеге
N___ кабинетке _____

_____ (шақыру себебі көрсетілсін)
мәселелер бойынша келуді ұсынамын.
Өзімен бірге төлқұжаты, жеке куәлігі,
әскери билеті (шақыру учаскесіне
тіркеу туралы куәлігі), осы шақыру
қағазы, сондай-ақ _____ болуы тиіс.
Осы шақыру қағазы бойынша шақырылатын
әскер жасына дейінгілер мен әскерге
шақырылушыларда, бұдан басқа өзімен
бірге жеке басын куәландыратын құжаттар
б о л у ы т и і с .
Әскерге шақырылушы болмаған немесе ол
сырқаттанған жағдайда туыстарының,
тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының және
кәсіпорынның кадрлар бөлімінің қорғаныс
істер жөніндегі басқармаға (бөлімге)
бұл туралы жазбаша немесе N _____
телефон арқылы хабарлауын және әскерге
шақырылушының болатын жері туралы
белгісі бар шақыру қағазын қайтаруды
с ұ р а й м ы з .
Қорғаныс істері жөніндегі басқарма
(бөлім) бастығы _____
_____ (атағы , қолы)
М . О .
_____ К е с у с ы з ы ғ ы
_____ **Қ О Л Х А Т**
_____ атына _____ қорғаныс
істер жөніндегі басқармасына (бөліміне)
20__ ж. "___" _____ "___" _____
келуі туралы шақыру қағазы

_____ (шақыру қағазын алған адамның қолы -
анық)

Қорғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) болғандығы
ту р а л ы б е л г і

Азамат _____

_____ қорғаныс істері жөніндегі
басқармасында _____ немесе _____ бөлімінде
20__ ж "___" _____ "___" _____ сағатта болды

Қорғаныс істері жөніндегі басқарма немесе бөлім
бастығы _____

(атағы, қолы)

М. О.

Шақыру қағазына қосымша

**Әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге шақырылатын әскер
жасына дейінгілерге
ЖАДЫНАМА**

Әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге келген кезде өзімен бірге мыналар болуы
т и і с :

1. Төлқұжат, жеке куәлік немесе туу туралы куәлік.
2. Аттестат (диплом, білімі туралы куәлік немесе анықтама).
3. Бірге, сондай-ақ бөлек тұратын ата-анасының, аға-інілерінің, апа-қарындастарының тегін, атын және әкесінің атын, туған жылы мен айын, тұрғылықты жерінің мекен-жайын және қызмет түрін көрсете отырып, отбасы жағдайы туралы тұрғын үй-пайдалану бөлімінен немесе ауылдық (селолық) округтен анықтама. Анықтамада отбасы мүшелерінің мүгедектік тобы (егер ондайлар бар болса) және олардың алатын зейнетақы (жәрдемақы) мөлшері туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.
4. Жұмыс істеушілердің лауазымын, мамандығын және қай уақыттан бастап жұмыс істейтіндігін, ал оқушылардың нешінші курста немесе нешінші сыныпта оқитындығын көрсете отырып жұмыс немесе оқу орнынан анықтама.
5. Жұмыс немесе оқу орнынан мінездеме.
6. Көлемі 3x4 см төрт фотосурет (бас киімсіз сурет).
7. Нормативтер мен спорттық разрядтарды тапсырғанын растайтын куәлік және анықтама.
8. Жүргізуші куәлігі (болған кезде).

Қазақстан Республикасында
әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алуды жүргізу
тәртібі туралы ережеге

5-қосымша

Есеп нөмірі _____

(есептік-алфавиттік кітап бойынша)

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ЕСЕП КАРТАСЫ

Сурет орны

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Төлқұжат:

Сериясы _____ N _____

(куәлік, туу

Берілген күні _____

туралы куәлік)

Кім берді _____

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Туған жылы	
Туған жері	
Ұлты	
Тұрғылықты жерінің мекен-жайы (телефоны)	
Ана тілі	
Мемлекеттік тілді меңгеруі	
Орыс тілін меңгеруі	
Оқу орны	
Оқу мерзімі	
Курс (сынып) нөмірі	
БӘД курсынан өтуі	
Оқудың аяқталған күні	
Кәсібі (мамандығы)	
Жұмыс орны	
Лауазымы	
Спорт түрі	
Спорт бойынша разряды	
Әскерге шақырылушының немесе туыстарының қандай мемлекетпен байланысы бар	
Әскерге шақырылушының соттылығы	
Туыстарының соттылығы	

2. ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ОТБАСЫ ҚҰРАМЫ

Туыскандығы	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Үйінің мекен-жайы	Жұмыс орны жұмысқа қабілеттілігі

1) Әскерге шақырылушымен бірге тұратындар

2) Бөлек тұратындар

3. ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ УЧАСКЕСІНЕ ТІРКЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

--	--	--

	Тіркеу бойынша комиссиядан өтуі	Тіркеу бойынша комиссиядан өтуі
1) Нұхаттама		
2) Хаттаманың күні		

1) Антропометрикалық деректер

Бойы (см)		
Салмағы (кг)		
ДСИ		
Кеуде көлемі (см)		
Спирометрия		
Шектеу дәрежесі		

2) Тіркеу жөніндегі комиссияның қорытындысы

	Жарамдылық дәрежесі	Шектеу дәрежесі	Жарамдылық дәрежесі	Шектеу дәрежесі
1	2	3	4	5
Хирург				
Терапевт				
Флюорография деректері				
Невропатолог				
Психиатр				
Окулист				
Көздің көргіштігі: Оң көзі - Сол көзі -				
Жарық сезгіштігі				
Отоларинголог				
Сыбырлап сөйлеу: Оң құлақ - Сол құлақ -				
Стоматолог				
Саптық қызметке жарамды (шектеу дәрежесі)				
	Жарамдылық дәрежесі	Шектеу дәрежесі	Жарамдылық дәрежесі	Шектеу дәрежесі
1	2	3	4	5
Саптық қызметке жарамды емдеуді қажет етеді				
Емдеуді қажет етеді: бап бойынша				
Тексеруге жіберу				

Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптан тыс қызметке жарамды: бап бойынша				
Әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз				
Арналған				

Комиссия төрағасы _____

(қ о л ы)

Төрағасының орынбасары _____

(қ о л ы)

Хатшы _____

(қ о л ы)

20 ____ ж. " ____ " _____

4. МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

	Әскерге шақыру комиссиясынан өту	Әскерге шақыру комиссиясынан өту
1) №N хаттама		
2) Хаттаманың күні		

1) Антропометрикалық деректер

Бойы (см)		
Салмағы (кг)		
ДСИ		
Кеуде көлемі (см)		
Спирометрия		
Шектеу дәрежесі		

2) Дәрігер-мамандардың қорытындылары

	Әскерге шақыру комиссиясынан өту		Әскерге шақыру комиссиясынан өту	
	Жарамдылық дәрежесі	Шектеу дәрежесі	Жарамдылық дәрежесі	Шектеу дәрежесі
1	2	3	4	5
Хирург				
Терапевт				
Флюорография деректері				
Невропатолог				
Психиатр				
Окулист				
Көздің көргіштігі: Оң көзі - Сол көзі -				

Жарық сезгіштігі				
Отоларинголог				
Сыбырлап сөйлеу: Оң құлақ - Сол құлақ -				
Стоматолог				
		Ш а қ ы р у комиссиясының шешімі	Ш а қ ы р у комиссиясының шешімі	
Саптық қызметке жарамды, арналған				
Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында саптан тыс қызметке жарамды: бап бойынша				
Әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз: бап б о й ы н ш а				
Тексеруге жіберу				
Мыналар бойынша шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну				
Қ а й у а қ ы т қ а д е й і н				
Әскерге шақыру комиссиясының төрағасы				
Комиссия төрағасының орынбасары				
Комиссия мүшелері:				
АІІО (Б) төрағасы				
Дәрігер - мед.комиссия төрағасы				
Комиссия хатшысы				

5. ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ

20__ж. "___"_____

20__ж. "___"_____

әскери есепке алынды әскери есептен шығарылды

қолы

қолы

Е с к е р т у :

1. Әскерге шақырылушының есеп картасы сиямен (пастамен) толтырылады.
2. Ана тілі мен мемлекеттік тілді меңгеруі әскерге шақырылушының айтуымен жазылады (тек сөйлеседі, тек оқиды, еркін сөйлеседі және оқиды).
3. Жұмыс (оқу) орны жұмыс (оқу) орнынан берген анықтама негізінде т о л т ы р ы л а д ы .
4. Спорт түрі мен спорт бойынша разряды спортшының біліктілік кітапшасы негізінде т о л т ы р ы л а д ы .
5. Әскерге шақырылушының қандай мемлекетпен байланысының болуы әскерге шақырылушының айтуымен толтырылады.
6. Үшінші тармақ тіркеу бойынша комиссияның шешімі негізінде т о л т ы р ы л а д ы .
7. Төртінші тармақ әскерге шақыру комиссиясының шешімі негізінде т о л т ы р ы л а д ы .

8. Бесінші тармақта басқа аудандардан келген әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу және олар әскерге шақыру учаскесін ауыстырған жағдайда әскери есептен шығару туралы белгілер мөрмен қойылады.

Қазақстан Республикасында
әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алуды жүргізу
тәртібі туралы ережеге

6-қосымша

Обл. ҚІД командасы

N _____

(әскер тегі) _____

ҚР Қарулы Күштерінің түрі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
к о м а н д а с ы

N _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ

Есептік-алфавиттік кітап бойынша реттік нөмірі _____

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ІСІ

(т е г і ,

аты, әкесінің аты)

19 ____ жылы туған (" ____ " _____)

күні және айы

Білімі _____

Ұлты _____

Азаматтық мамандығы _____

Әскери даярлығы _____

Спорттық разряды _____

Кейінге қалдыру _____

Соттылығы _____

_____ облысы

_____ қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (бөлімі) бастығы

мұқабаның сыртқы жағы

Фотокарточкалар үшін конверт

Жеке істе болатын құжаттар

ТІЗІМДЕМЕСІ

1. Әскерге шақырылушының есептік картасы.
2. Әскерге шақырылушының туу туралы куәлігінің көшірмесі.
3. Неке туралы куәліктің көшірмесі.
4. Балаларының тууы туралы куәліктерінің көшірмесі.
5. Білімі туралы құжаттың көшірмесі.
6. Жұмыс немесе оқу орнынан анықтама.
7. Оқу немесе жұмыс орнынан мінездеме.
8. Отбасы құрамы туралы анықтама.
9. Әскерге шақырылушыны зерделеу парағы.
10. Кеуде қуысы мүшелерін рентгенологиялық зерттеу туралы анықтамалары.

11. Денсаулық жағдайы туралы құжаттар.

12. Ішкі істер органдары мен анықтау және алдын ала тергеу орындарынан анықтамалар.

13. Сот органдарынан қылмыстық жауапкершілікке тартылуы туралы анықтамалар.

14. АХАЖ органдарынан тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны, туған күні мен жері туралы өзгерістер туралы, қаза табуы туралы хабарламалар.

Әскерге шақырылушының жеке ісі мұқабасының сыртқы жағын толтыру тәртібі

1. Сол жақ жоғарғы бұрышында облыстың Қорғаныс істері жөніндегі департаменті белгілеген команданың нөмірі қойылады. Жоғарғы бұрышында әскер тегі көрсетіледі және Штабтар бастықтары комитеті белгілеген команданың нөмірі қойылады.

2. "Әскери даярлық" деген жолда мыналар көрсетіледі: қандай мамандық алды және қандай мамандық бойынша ӘТМ-де немесе орта кәсіптік-техникалық мектепте дайындалды.

3. Жеке істер сақталады: мерзімді әскери қызметке шақырылған адамдарға - 5 жыл, мерзімді әскери қызметтен өтпеген адамдарға - оларды запасқа жібергеннен кейін 3 жыл ішінде (Растау құжаттарымен запасқа жіберілген адамдарға әскерге шақырылушының есеп картасы 10 жыл сақталады.

Қазақстан Республикасында
әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алуды жүргізу
тәртібі туралы ережеге

Тізімдеме 7-қосымша бойынша есепке
алынды

№ _____ 20 ____ ж.

_____ ОБЛЫСЫ _____ АУДАНЫ (ҚАЛАСЫ)
ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ УЧАСКЕСІНЕ 19 _____ ЖЫЛЫ ТУҒАН
АЗАМАТТАРДЫ ТІРКЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ
ХАТТАМАСЫНЫҢ
КІТАБЫ

Басталды _____ 20__ ж. _____ " _____ "

Аяқталды 20__ ж. " _____ " _____

Р/с N	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Денсаулық жағдайына шағым, анамнез (шақырылушы- ның басқа да өтініштері)	Объектив- ті тек- серудің, диагноз- дардың деректері	Комиссия шешімі	Ескер- ту
1	2	3	4	5	6	7

20__ ж. " _____ " _____ N__ хаттама

--	--	--	--	--	--	--	--

Тіркеуге шақырылды _____ - адам
Олардың ішінде медициналық тексеруден
кейін _____ - адам
Белгісіз себептер бойынша тіркеуге
келмеді _____ - адам
Тіркеуге келді _____ - адам
Олардың ішінде :
"саптық қызметке жарамды" _____ - адам
"емдеуді (медициналық қадағалауды)
қажет етеді" _____ - адам
"бейбіт уақытта әскери қызметке
жарамсыз, соғыс уақытында саптан тыс
қызметке жарамды" _____ - адам
"әскери есептен шығарумен әскери
қызметке жарамсыз" _____ - адам
"қосымша тексеруге жіберілді" _____ - адам
Т і р к е л д і _____
Т і р к е л г е н _____ ж о қ
Комиссия төрағасы _____
(әскери атағы, қолы)

Комиссия төрағасының орынбасары _____
(қ о л ы)

Комиссия мүшелері: _____
(қ о л ы)

(қ о л ы)

(қ о л ы)

Комиссия хатшысы _____
(қолы)

Азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жөніндегі комиссия хаттамаларының кітабын жүргізу тәртібі

1. Кітап қатаң есептегі құжат болып табылады. Ол нөмірленген, тігілген, қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының қолы қойылған және елтаңбалы мөрмен куәландырылған болуы тиіс. Көрсетілген кітап қызметте пайдалануға арналған құжаттар құқығында сақталады. Осы кітаппен жұмыс істеуге адамдарға рұқсат беру қатаң шектеулі б о л у ы т и і с .

2. Кітапта жазулар медицина бикелері қатарынан осы үшін арнайы даярланған комиссия хатшысымен жүргізіледі. Жазулар анық және ұқыпты жүргізіледі. Түзетулер мен толықтырулар екінші бөлімше бастығымен және қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) м ө р і м е н к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

3. Кітапқа тіркеуге келуге жататын, тізімге (2-қосымша) енгізілген барлық азаматтар, соның ішінде ауыр науқаспен ауыратын, тіркеуге өзі келу мүмкіндігінен айырылған азаматтар жазылады.

4. Қосымша тексеруге жіберілген адамдар кітапқа екі рет жазылады: тексеруге жіберілген күні, және ол туралы тіркеу жөніндегі комиссия соңғы шешім қабылдаған күні қайтадан. Бұл ретте 2-бағанда төменгі жағында тегі, аты мен әкесінің аты»"қайтадан" жазылады.

5. Қысқаша анамнез және объективті, зертханалық, рентгенологиялық және диагнозын негіздейтін басқа да зерттеулердің деректері және науқасы бар әскерге шақырылушыға комиссияның шешімі комиссия хаттамасына енгізіледі.

